Мектепке жейінгі білім берудің заманауи жүйесі балабақшадағы ерекше білімді қажет ететін балалармен оқу процесін ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды. Балалардың мектепке дейінгі балалық шақ кезден бастап сөйлеу қабілетінің маңыздылығына байланысты, бақшаларда бұл мақсат маңызды болып саналады. Баланың байланыстыра сөйлеуі, өз ойын айта алуы, оның жан-жақты дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады. Жыл сайын жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалар қатары көбейеді. Сөйлеу паталогиясының бұл формасы қалыпты есту және ақыл-оймен балаларда тілдің әр компонентінің қалыптасуы кешіктірілгендігімен сипатталады: фонетика, фонематикалық қабылдауы, лексика, грамматика. ОНР-і бар балаларда дыбыстың айтылуының бұзылуы, фонематикалық есту мен қабылдаудың дамымауы, сөздік және грамматикалық сөйлеу жүйесінің қалыптасуындағы артта қалушылық байқалады. Сөйлеу түрінің әр түрлі ауызша бұзылыстары бар балаларға логопедиялық тұрғыда көмек көрсету, сонымен қатар олардың тілдік дамуының ерекшеліктеріне сәйкес ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту тәрбиелеу және әрі қарай әлеуметтік бейімдеу мен қарым-қатынасының жағымды әрі тиімді жағдайларын жасау мақсатында біздің бақшада логопед, психолог қызмет етеді. Құрылған бағдарламаға сәйкес педагогтар төмендегі жұмыстарды жүргізеді: ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстарын диагностикалау және түзету, баланың толық қанды тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету, педагогикалық-психологиялық зерттеу жүргізу, сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу және түзету, балаларға логопедиялық және психологиялық көмек көрсету және ата-аналарға кеңес беру. Педагогтардың жүргізген жұмыстарының нәтижесінде балалардан дыбыстарды қою, байланыстыра сөйлеу және қарым-қатынас орнату ерекшеліктері байқалады.

4. Оқу –әдістемелік жұмыс

Білім беру ұйымының мақсат- міндеттері:

Мақсаты:

Білім алуға барлық мүмкіндік жағдайларды жасай отырып, рухани-аламгершілік құндылықтары қалыптасқан азамат тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, танымдық, коммуникативтік, белсендігін дамытып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу.

Міндеттері

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп, іске асырылады.

Балабақша педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

-Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне;

-Жарғысына;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

-Оқу жұмыс жоспарына;

-Ішкі тәртіп ережелеріне;

-ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған басты міндеттерінің бірі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгерту болып табылады.

2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады. Оқу жоспары Алға аудандық білім бөлімімен келісіліп, бекітілді. 2022-2023 оқу жылында вариативті компонент қарастырылмаған.

2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жоспарлары:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады. Оқу жоспары Алға аудандық білім бөлімімен келісіліп, бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік бағдарламаның міндеттеріне сәйкес перспективалық жоспарлар, апталық циклограммалар жазылып балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруды күн тәртібіне сәйкес ойын түрінде жүзеге асырылды. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау индикаторлар жүйесі арқылы іске асырылады.

2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жоспарлары:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2024-2025 оқу жылында «тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әлістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып құрылды

- Оқу жоспары Алға аудандық білім бөлімімен келісіліп,бекітілді. 2024-2025 оқу жылында вариативті компонент ортаңғы және ересек топтарда 1 сағаттан алынды.Бағдарламалар Алға ауданының білім бөлімімен бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік бағдарламаның міндеттеріне сәйкес перспективалық жоспарлар, апталық инклограммалар жазылып балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруды күн тәртібіне сәйкес ,ойын түрінде жүзеге асырылды

Вариативті компонент сағаттары төмендегідей бөлінді:

Ортаңғы қазақ топтарында:

1.«Балауса» ортаңғы тобы: «Табиғат әлемі» бағдарламасы аптасына 1 сағат,жалпы 18 сағат өткізіледі. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымның ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне арналған.бағдарламала балалармен экологиялық тәрбиелеудегі әртүрлі жұмыстың формалары мен әдістері,тәрбиешілердің жүйелілік және мақсатқа бағытталған жұмыстары көрсетіледі.

Мақсаты:Ортаңғы топ балаларының танымдық қабілеттерін экологиядан қарапайым білім жүйесі,түсініктер кіріктірілген тәсілдеме арқылы қалыптастыру.Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениеті негіздерін дамыту. **Құрастырған:** Сыдыкова Б.О **санаты:** педагог-модератор

2.«Балапан» ортаңғы тобы: «Табиғат әлемі» бағдарламасы аптасына 1 сағат,жалпы 18 сағат өткізіледі. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымның ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне арналған.бағдарламала балалармен экологиялық тәрбиелеудегі әртүрлі жұмыстың формалары мен әдістері,тәрбиешілердің жүйелілік және мақсатқа бағытталған жұмыстары көрсетіледі.

Мақсаты:Ортаңғы топ балаларының танымдық қабілеттерін экологиядан қарапайым білім жүйесі,түсініктер кіріктірілген тәсілдеме арқылы қалыптастыру.Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениеті негіздерін дамыту. **Құрастырған:** Сыдыкова Б.О **санаты:** педагог-модератор

Ортаңғы орыс тобында:

3.«Солнышко» ортаңғы тобы: «Говорушки» бағдарламасы аптасына 1 сағат өткізіледі.Жалпы 18 сағат. Бағдарлама мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған,жарқынды сойлеуді дамытуға бағытталған.Бағдарлама баланың сөздік қорын толықтыруға,өз ойын дұрыс жеткізуге көмектеседі.

Цель:развитие умений говорение слушания,активного,пассивного и потенциального словаря ребенка,развитие-носителя языка. **Құрастырған:** Овчаренко Е.А **санаты:** педагог-сарапшы

Ересек қазақ топтары:

1.«Балдырған» ересек тобы:«Ата өнері – балаға мұра»- бағдарламасы аптасына 1 сағат,жалпы 36 сағат өткізіледі. Бағдарлама бала бойына өзінің ұлтының мәдени мұрасы,салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың дүниетанымын қазақ әдебиетінің, салт-дәстүрлердің,ұлттық өнердің ,ұлттық ойындар және ұлттық өлке табиғатымен таныстыру негізінде қалыптастыру.**Құрастырған:** Шонтыбаева А.Е **санаты:** педагог-сарапшы, тәрбиеші

2. «Өркен» ересек тобы:«Сөйле, балакай!»- бағдарламасы аптасына 1 сағат,жалпы 36 сағат өткізіледі. Бағдарлама мақсаты мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында бұрын қалыптасқан дағдыларын өзіндік іс-әрекет жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін арттыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу.

Мақсаты: Мемлекеттік тілді үйренуге дайын, ересектер мен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі жастағы бала тұлғасын қалыптастыру. Тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру. **Құрастырған:** Шонтыбаева А.Е **санаты:** педагог-сарапшы, тәрбиеші.

3.«Балбөбек» ересек тобы: «Жеті ойыншықтың кереметтері»- бағдарламасы аптасына 1 сағат, жалпы 36 сағат өткізіледі.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу мен білім беру жұмысын жаңаша бағытта әлеуметтендірудің озық тәжірибесін өзара ықпалдастыру үлгісін көрсету. Ойыншықтарды бала тәрбиесінде қолдану арқылы, ұлттық өнімдерді танып білуге үйрету. Ой-өрісін танымдық қабілетін сөздік қорын дамыту. **Құрастырған:** Жұмағалиева Г.Т **санаты:** педагог-модератор

Ересек орыс тобында

4.«Вишенки» ересек тобы: «Волшебница-вода» бағдарламасы аптасына 1 сағат, жалпы 36 сағат өткізіледі.

Цель: Способствовать физическому развитию ребенка: закаливанию, развитию тактильно-кинестической чувствительности и тонкой моторики рук, так как профилактикой заболеваний. **Құрастырған:** Константинова С.К **санаты:** педагог-сарапшы, тәрбиеші

5. Оқу материалдық активтер.

№1 «Еркетай» балабақшасы» МҚК Алға бөбекжай балабақшасы Алға ауданы әкімдігінің 2001 жылғы 15 қаңтардағы № 12 қаулысына сәйкес 2001 жылдан бастап жұмыс істейді. Екі қабатты типтік мектепке дейінгі ұйым.

№1 «Еркетай» балабақшасы Алға бөбекжай балабақшасы, Алға қаласындағы, Сейфуллин көшесі 22А орналасқан. Жобалық қуаты - 280 орын. 2018 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 75 732 000 теңгеге кәсіпорынға күрделі жөндеу жүргізілді.

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның талапқа сай болуын үнемі назарда ұстайды.

Балабақшада спорт залы мен музыка залы біріктірілген сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинет, изолятор бөлмесі, логопед және дефектолог, он жетекшілері мен психолог кабинеттері «Жеті ойыншық» кабинеттері талапқа сай жабдықталған.



Музыка залы



Логопед, дефектолог кабинеті



Психолог кабинеті

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының жүзеге асыруға міндетті бағыттарының бірі - баланың денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балабақшадағы сауықтыру, профилактикалық жұмыс медбикенің жетекшілігі мен медициналық талаптардың нормасына байланысты жүргізіледі. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жұмыстары бойынша нұсқаулықтар, күнделікті санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау жұмыстары, дене тәрбиесі мен қауіпсіз мінез-құлық негіздерін жетілдіру жұмыстары, емделу, алдын-ала және сауықтыру іс-шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары балабақша және де медбикенің жұмыс жоспарына сай жүргізілген. Медициналық кабинет санитарлық ережелерге сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген:

- Медициналық шкаф - 1;
- Жылжымалы кварц -1;
- Бой өлшегіш- 1;
- Салмақ өлшейтін таразы -1;
- Тонومتر -1;
- Емдеу столы – 1;
- Кушетка- 1;
- Бесконтактный термометр -2;

- Тоназытқыш – 1;
- Ширма -1;
- Кабырға кваршы -13;
- Жазу үстелдері- 1;
- Құжаттар салута арналған шкаф- 1.

Балабақша медбикесінде 26 түрлі журналдар бар ,барлығы тігілін номерленген. Балалардың күнделікті құнарлы да, сапалы тағамдармен тамақтандыруды ұйымдастыру балабақшаның медбикесі бақылауымен жүргізіледі.



Медициналық кабинет



Изолятор бөлмесі

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысына қажетті материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады.

Теледидар-12, проектор-1, интерактивтік тақта-1, музыка орталығы-1, балабақшада 5 компьютер, 2 сканер, 4 принтер, ламинатор, переплет бар. Топтар стол, теледидар, отырғыш, кереуст, шкафтармен толық жабдықталған. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоназытқыш, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай білім беру дағдылары бойынша безендірілген. Тәртіп пен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігін әрдайым басты назарда.

«Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы негізінде, №1 «Еркетай» Алға бөбекжай –балабақшасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспорты» 14.02.2019 жылы Алға аудандық Ішкі Істер бөлімімен бекітілген. Балабақшаның 1 және 2 қабатта кіреберісте және балабақша ауласының ойын алаңдары бейне бақылаумен қамтылған. Бейнебақылау камераларына қызмет көрсету үшін 2024 жылдың 26 қарашасы №48/1 келісім шарты негізінде ТОО «Center Qazaq International» деп аталатын өнім берушімен жасалды. Мекемеде барлығы 60 аналогты бейне камера жұмыс жасайды. Камералардың сақтау мерзімдері 30 күндік. Ғимараттың 1 қабатында 24 бейнебақылау, 2 қабатында 26 бейне бақылау және сыртта 10 бейнебақылау камералары жұмыс жасал тұр. Монитор менгеруші кабинетінде және кіреберісте орналасқан. ТОО «Center Qazaq International» деп аталатын өнім беруші тарапынан тоқсан сайын бақылау жүргізіліп отыр. Істен шыққан немесе ақау білінген бейнебақылау камералары қазіргі таңда анықталған жоқ. Балабақша - бейнекамералармен, белмелері жарықпен, жылумен қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіздігі үшін жасалған негізгі істер.

Балабақшада 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске асыру бойынша жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар балабақшада «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету мақсатында балабақшада пәндік-кеңістіктік дамытушы орталар құрылды.

Заттық кеңістіктік дамытушы орта баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Дамытушы орта балаға өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға, өз қабілеттерін пайдалануға, өзін қызықтыратын әрекетпен айналысуға мүмкіндік береді. Балабақшада құрған пәндік дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді



Физикалық дамыту:

Физикалық дамыту аймағы бойынша сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі. Балабақшада спорт зал музыкалық залмен біріктірілген. Осы жерде стандартқа сай үрмелі доптар, қысқы спорттық құралдар (шанғы, хоккей), самокаттар, велосипелтер, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, құрсаулар, доғалар, қимылды ойындар құралдары жинақталған. Топтарда да денсаулық бұрышы массажды кілемшелермен, үрмелі доптар, кеглилер, құм қалташалары, жаттығуға арналған спорттық құралдармен жабдықталды.





Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша топтарда қуыршақ, көленке, үстел үсті, саусақ, фартук театрлары, жас ерекшеліктеріне сай сюжетті-рольді (құрылысшы, тігінші, аурухана, шаштараз, дүкенші, отбасы, дәріхана) ойындары бар. Балаларға арналған ертегілер де барлық топтарда жинақталған. Тілдерін дамытып, сөздік қорларын молайтуға арналған лепбуктар (табиғат, үй жануарлары, жабайы аңдар, жемістер мен көкөністер, гүлдер, жиһаз т.б. тақырыптарда) үстел-үсті ойындар жинақталған. Сонымен қатар балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған 134 көркем әдебиет, демонстрациялық материалдар, ертегілер және де 15 аудио кітап, дискілермен қамтамасыз етілген.



Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған түрлі сенсорикалық ойындар, құрастыруға арналған түрлі көлемдегі кубиктермен, конструкторлар, пазлдар ересек тобында «Луллия» сәкиналары мен асық терапияның элементтері, ал қалған топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай зерттеу жұмыстарына арналған (луна, құмсағат, глобус, түрлі көлемдегі ыдыстар, тастар т.б.) құралдар мен ойын түрлері толықтырылып жинақталған.



Шығармашылық дағдылардың зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:

«Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы ортада музыка залында балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі музыкалық аспаптар (домбыра, соқталы аспаптар, барабан, бубен, сылдырмақ), үрмелі аспаптар, фарфур театры, театрланған қойылым атрибуттары, маскалар, көрнекіліктер эстетикалық талғамда жасалып жинақталған, ал топтарда бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналған дидактикалық ойындармен, аудио құралдарымен жабдықталған. Шығармашылық жұмыс құралдары балаларға қол жетімді жерде орналасқан.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрышта, ойындар, ыдыс-аяқтармен жабдықталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған барлық топтарда «Ұлттық бұрыш», «Табиғат бұрышы», «Жол қауіпсіздік ережесі», «Театр бұрыштары» бұрыштары, ересек тобында аквариум бар. Дегенмен топтардағы табиғат бұрышындағы гүлдер мен құрал жабдықтарды балалар жас ерекшеліктеріне сай жасақтау керек. Сонымен қатар топтарда балалар жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық, танымдық, дамытушы ойындар, спорттық құрал жабдықтар, ойыншықтар, конструкторлар, жолда жүру ережелері бойынша бұрыштар, өрт қауіпсіздігі бойынша бұрыштар толықтыруды қажет етеді.



«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның танымдық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес», -деп В. А. Сухомлинский айтқандай, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық іспетті. Сондықтан балабақшадағы ойын орталығын құру жеке тұлға қалыптасуындағы басты іс. Балабақшаның барлық топтарында үстел үсті, дамытушы ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Баланың коммуникативтік қабілеттерін дамытып, қоршаған орта мен құрдастарының арасында өзін еркін сезінуге сюжетті-рольді, еркін ойындар да қарастырылған. Балаға ойын түрлері көптік етпейді, сондықтан да үнемі жаңартып, толықтырып отыру қажет.

Балалардың эстетикалық талғамдарын, шығармашылықтары мен тілдерін дамытуға қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатында әртүрлі (фартук, саусақ, көленке, үстел-үсті, т.б.) театрлар дайындалған, ерекше көңіл фартук театрына бөлінген себебі оны тәрбиешілер мен балабақша өздері балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп тікті.

(Топтардағы заттық-дамытушы орта арнайы бейе материалдар дайындалып, балабақша сайтын салынды.)





МДҮ- да және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы Ақтөбе облысының әкімінің 2023 жылғы 13 ақпандағы №31 қаулысының негізінде ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 700 теңге

Балабақша мектеп алды және мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемелерінде «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша дайындалған жетілдірілген ұлттық ойыншықтарды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамытуға қажетті соңғы үлгідегі көрнекі және ойын құралдарымен жабдықталған «Рухани жаңғыру бала шақтан» кабинеті 2021 жылы жабдықталған.



6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Ақпараттандырудың негізгі мақсаты білім беру жүйесінің барлық қатысушыларының ақпараттық мәдениетін арттыру және АКТ пайдалану арқылы білім беру сапасын арттыру болып табылады. Балабақша техникалық оқыту құралдары мен компьютерлік техникамен жабдықталған. МДҰ-да ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылады. Интернетті барлық қызметкерлер пайдалануға мүмкіндік бар. Компьютерлік техниканы және интернет байланысын пайдалану тәрбие-білім беру процесінің тиімділігін арттырады. Педагогтардың тәжірибесіне заманауи әдістемелік әзірлемелер мен оқу құралдарын енгізуге мүмкіндігі бар. МДҰ педагогтарының 100 пайызы компьютерлік техниканы меңгерген, интернет ресурстармен жұмыс істеуге дағдыланған. Балабақшаның барлық құжат айналымы электронды түрде жүргізіледі. Әдістемелік кабинетте компьютер, принтер, сканер, ламинатор, переплет құралдары мен жабдықталған. Ән залында интерактивті тақта мен музыкалық аппарат орнатылған. Балабақшаның әдістемелік кабинеті оқу-әдістемелік кабинеттермен, мерзімді басылымдармен, балалар көркем әдебиеттерімен жабдықталған. Бағдарламаларды жүзеге асыру үшін көрнекі және дидактикалық материалдар жинақтығы бар. Әдістемік ұсынымдар, перспективалық жоспарлар, сабақтарды, жобалар, бос уақытты әзірлеу жинақталған. Әдістемілік әдебиеттер білім беру құзиреттіліктері бойынша жүйеленген. Жыл сайын кітапхана мерзімді басылымдар есебінен толықтырылып отыр. Оқыту бейнематериалдар, электронды тасығынтар. Мектепке дейінгі ұйым бағдарламалары мен оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген. Әдістемелік құралдар, дидактикалық ойындар, альбомдар, демонстрациялық материалдар, картиналар, үлестірмелі материалдар бағдарламаның негізгі білім құзиреттіліктері бойынша барлық бөлімдеріне Балалар әдебиеті авторларының тегі бойынша алфавиттік ретпен бөлінген. Сондай-ақ, тақырыптық жинақтарда бөлінген: ертегілер, жануарлар туралы, халық кәсіпшілігі туралы әңгімелер т.б. Жас ерекшеліктеріне сай әдістемелік және балалар көркем әдебиетінің шағын кітапхана қоры бар.

7.Тәрбиеленушілерінің білімдерін бағалау қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

2022-2023/ж. №1"Еркетай"Алға бөбекжай-балабақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі

Кезеңдері	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орта деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
2022-2023 оқу жылы			
Бастапқы	36%	45%	20%
Аралық	51%	39%	10%
Қорытынды	51%	38%	10%

2022-2023 о/ж. №1"Еркетай"Алға бөбекжай-балабақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі



2023-2024/ж. №1 "Еркетай" Алға бөбекжай-балабақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі

Кезеңдері	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орта деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
2023-2024 оқу жылы			
Бастапқы	28%	50%	22%
Аралық	33%	59%	8%
Қорытынды			

2023-2024 о/ж. №1 "Еркетай" Алға бөбекжай-балабақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі



2024-2025/ж. №1 "Еркетай" Алға бөбекжай-балабақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі

Кезеңдері	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орта деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
2024-2025 оқу жылы			
Бастапқы	32.9%	45%	22.1%
Аралық	38.6%	59%	2.4%
Қорытынды	63%	32%	5%

2024-2025 о/ж. №1 "Еркетай" Алға бөбекжай-балабақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі



7.1Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы:

2022-2023 оқу жылында «Балауса», «Балапан», «Солнышко» ересек топтары, 2023-2024 оқу жылы бойынша «Ақбота», «Ботақан», «Еркетай», «Гномики» ересек топтары, 2024-2025 оқу жылы бойынша «Өркен», «Балдырған», «Еркетай», «Вишенки» бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген мониторинг негізінде әр баланың жеке даму карталары толтырылды. Балалармен жүргізілетін жеке түзету-дамыту жұмыстары апталардың циклограммаларында көрсетілген, әр тәрбиеленушінің жеке даму карталары әр кезеңде толтырылып, қағаз және электронды түрде жинақталған.

7.2Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы.

2022-2023 оқу жылдарындағы (бастапқы) мониторингісі «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына» (2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 5 хаттама) сәйкес жасалынды.

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсыным» (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес) бойынша жасалды.

2024-2025 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсыным» (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес) бойынша жасалды.

7.3 Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы. (қорытынды)

2022-2023 оқу жылдарындағы (қорытынды) мониторинг құжаттары арнайы ехзел формасында гугл дискіге толтырылды.

Қорытынды:

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі ұйымда соңғы үш жылда жасалынған жұмыстар бойынша кемшіліктер анықталмады. Жалпы бағалау көрсеткіштері бойынша мектепке дейінгі ұйым бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалынды.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Барлық топтарда заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын толықтыру.
2. Педагогтердің жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өтуін қамтамасыз ету.

10. Қорытынды мен ұсыныстар

1. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
3. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.
4. Әдістемелік бөлім қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.

Комиссия тарайымы:

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай –
балабақшасының меңгерушісі:



Ш.С.Таженова

Комиссия мүшелері:

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай –
балабақшасының әдіскері:

Н.В.Моржуева

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай –
балабақшасының тәрбиешісі:

Ж.С.Есеналина

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай –
балабақшасының тәрбиешісі:

А.К.Елубаева

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай –
балабақшасының ән жетекшісі:

И.В.Дубовенко

Хатшы:

Г.Т.Жұмағалиева